

Әкімдіктің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 1600 "2012 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 494 қаулысы.
Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда № 9-2-210 тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2012 жылы халықтың нысаналы топтарын белгілеу туралы" әкімдіктің 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 1600 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 9-2-201, 2012 жылғы 6 қаңтарда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланды) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мына мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар."
"

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Р у д н ы й

қаласының әкімі

Б. Ғаязов